



САЙЛАУ - 2025

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 8 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье, Мағжан, Полудин, Таман ауылдық округтері өкімдерінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес сайлау учаскелерінің хаттамалары негізінде Лебяжье, Мағжан, Полудин, Таман ауылдық округтері өкімдерін сайлау бойынша учаскелік сайлау комиссиялары сайлау қорытындыларын белгіледі:

Лебяжье ауылдық округі

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 405 азамат енгізілді, оның 332-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 12, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 12. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 11.

Әр кандидат үшін берілген, дауыстар саны:

1. Зағыпарова З.Б. – 14;
2. Омарова Ш.Р. – 258;
3. Умовист Е.А. – 36.

Лебяжье ауылдық округінің өкімі болып Омарова Шырайлым Рысбайқызы сайланды, 1985 жылы туған, өкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ-сі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылында тұрады, «Amanat» партиясы» ҚБ ұсынған.

Мағжан ауылдық округі

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 274 азамат енгізілді, оның 177-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 3, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 14. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 3.

Әр кандидат үшін берілген, дауыстар саны:

1. Ботабекова Б.Ж. – 134;
2. Зиберт Ю.А. – 16;
3. Тищенко Н.Ю. – 10.

Мағжан ауылдық округінің өкімі болып Ботабекова Баян Жайдарханқызы сайланды, 1977 жылы туған, директор, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ-сі Сарытонар ауылдық Мәдениет үйі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады, «Respublica» партиясы» ҚБ ұсынған.

Полудин ауылдық округі

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 997 азамат енгізілді, оның 572-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 3, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 53. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 41.

Әр кандидат үшін берілген, дауыстар саны:

1. Жансүгірова Г.С. – 61;
2. Қалиев М.М. – 413;
3. Қонаев Р.М. – 42.

Полудин ауылдық округінің өкімі болып Қалиев Мәдениет Мәкенұлы сайланды, 1964 жылы туған, өкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ-сі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Полудино ауылында тұрады, «Amanat» партиясы» ҚБ ұсынған.

Таман ауылдық округі

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 505 азамат енгізілді, оның 346-і дауыс берді, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 9, «Барлығына қарсы» деген белгісімен – 24. Дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген жоқ. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс бергендер – 22.

Әр кандидат үшін берілген, дауыстар саны:

1. Кучерявая Н.С. – 18;
2. Поляков А.Ю. – 277;
3. Смағұлова Ж.А. – 18.

Таман ауылдық округінің өкімі болып Поляков Александр Юрьевич сайланды, 1978 жылы туған, тарих және математика мұғалімі, «Солтүстік Қазақстан облысы өкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Таман мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ-сі, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таманское ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

АУДАН ӘКІМІ ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ МҮҢ-МҰҚТАЖЫН ТЫҢДАДЫ



Өткен аптада аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласының тұрғындарына арнал Ашық есік күнін өткізіп, оған құқық қорғау органдарының өкілдері және жергілікті атқарушы органдардың басшылары да қатысты.

Бүл күні қалатұрғындары өздерін толғандыратын сұрақтарды өкімге жеке өзі қоюға мүмкіндік алды. Мәселен, қалалықтар көше

жолдарын жөндеу, көріз жүйесін қалпына келтіру, аумақтарды абаттандыру, шағын футбол алаңы мен балалар ойнау алаңын жай-

ластыру, ескі ағаштарды кесу, су ағызу құбырларын орнату сияқты сұрақтар көтеріліп, жауаптар алды.

Әрбір өтініш бойынша жедел қарау және шешу үшін жауапты құрылымдарға нақты тапсырмалар беріліп, аудан өкімдігі тарапынан бақылауға алынды.

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТКІЗІЛУДЕ

Құрметті Булаев қаласының тұрғындары!

2025 жылғы 1–30 маусым аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық аясында листинг кезеңі – яғни, тұрғын үйлерді алдын ала аралау жұмыстары жүргізіледі.

Мақсат – өсірілетін дақылдар немесе төрт түлік туралы

ақпаратты нақтылау.

Санақ жүргізетін қызметкерлер көрсетілген мекенжайларға барып, негізгі санаққа қатысатын үй шаруашылықтарының тізімін өзектендіреді.

Листинг – бұл санақ емес, бірақ санақтың дәл өрі тиімді өтуі үшін қажет дайындық кезеңі.

Ұлттық статистика бюросының барлық өкілінің бейдж-куәлігі мен планшеті болады.

Туындаған сұрақтар бойынша 1446 байланыс орталығына қоңырау шалыңыз немесе санақ.gov.kz сайтына кіріңіз.

Ынтымақтастықтарыңыз үшін рақмет!

САЙЛАУ - 2025

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ЛЕБЯЖЬЕ, МАҒЖАН, ПОЛУДИН, ТАМАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45 бабына, 113-11 бабына сәйкес 2024 жылғы 10 маусымдағы шешімімен 2025 жылғы 8 маусымда сайланған өкімдерді тіркеді.

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің өкімі – Омарова Шырайлым Рысбайқызы, 1985 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің өкімі болып жұмыс істеген, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылында тұрады, «Amanat» партиясы» ҚБ ұсынған;

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің өкімі – Ботабекова Баян Жайдарханқызы, 1977 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округінің өкімі болып жұмыс істеген, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласында тұрады, «Partiya «Respublica» ҚБ ұсынған;

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің өкімі – Қалиев Мәдениет Мәкенұлы, 1964 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің өкімі болып жұмыс істеген,

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы, Полудино ауылында тұрады, «Amanat» партиясы» ҚБ ұсынған;

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің өкімі – Поляков Александр Юрьевич, 1978 жылы туған, сайланғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің Таман мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінде тарих және математика мұғалімі болып жұмыс істеген, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таманское ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ҚҰРБАН АЙТ - ҚУАНЫШҚА БӨЛЕЙТІН МЕЙРАМ



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен Құрбан айт мерекесі еліміздің барлық өңірінде кең көлемде ұйымдастырылуда. Осыған орай, 6 маусым күні - мұсылмандардың Құрбан айт мейрамы «Береке» аудандық орталық мешітінде де кеңінен аталып өтті.

Алланың үйінде ине шаншар орын болмауына қарамастан мағжандықтар ауданның бас имамы Мұхаммад Абдулла қасиетті мереке жайлы айтқан уағзын тындап, жамағат болып айт намазына қатысты.

Намаздан соң мұсылман қауым қол алысып, төс қағысты. Құрбандықтарға бата беріп, қабыл болуын тіледі.

Айт намазы оқылғаннан кейін жиналған қауымды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов құттықтап, айттан айтқа аман жетуді тіледі.

Өз кезегінде Мұхаммад Қасымханұлы Құрбан айттың маңызына тоқталып, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуда мерекенің елеулі орын алатынын тілге тиек етті.

Сондай-ақ бас имам жиналған халыққа Құрбан айттың қасиеттері мен айтта орындалатын ізгі амалдарды түсіндірді.

-Баршаңызды айтулы игіліктің, қайырымдылықтың мерекесімен құттықтаймыз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз!

Алла тағала шалған құрбандықтарыңыз

бен жасаған жақсылықтарыңызды, дұға-тілектеріңізді қабыл етсін, - деген ізгі тілегін білдірді.

Айт намазынан соң келуші жамағатқа мешіт алдында құрылған киіз үйге арнайы дастархан жайылып, жұртшылық айттың шайынен және ыстық палаудан дәм татып жатты.

Мешіт ауласында қазақ күрес, қол күрес, гір тас көтеру бойынша жарыстар ұйымдастырылып, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Осылайша, келуші жамағат бір-біріне жылы тілектерін айтып, Айт мерекесімен құттықтап, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне тарасты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚ

Жолдардағы жол-көлік жарақаттануының алдын алу, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы уәкілетті және мүдделі органдарды тарта отырып, кеңес өткізді.

Нәтижесінде полиция, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары органдарына олардың құзыретіне сәйкес тапсырмалар берілді.

Естеріңізге сала кетейік, жаяу жүргіншілер жол қозғалысына қатысушылардың ең осал санаттарының бірі болып табылады, өйткені олар жүргізушілермен салыстырғанда физикалық тұрғыдан қорғалмаған. Олардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғасы (одан әрі - ЖКО) көбінесе трагедияға айналады, өдетте жаяу жүргінші ауыр жарақат алады, оның ішінде өмірінен де айырылуы мүмкін.

Мұндай жағдайлар тек жүргізушінің кінәсінен ғана емес. Көбінесе, жол қозғалысы ережелерін білмеу немесе оларды елемей салдарынан жаяу жүргінші жол-көлік оқиғасына кінәлі болып жатады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, өткен жылы аудан аумағында 22 жол-көлік оқиғасы орын алды.

Еліміздің жолдарындағы қауіпсіздікті арттыру мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі болып қала береді. Осы мақсатта жолдарды күтіп ұстауды бақылау, қауіпті учаскелерде шектеулер, құқық бұзушылықтарды тіркеу жүйелерін белгілеу, түнгі уақытта көшелерді жарықтандыру, профилактикалық және түсіндіру жұмыстары қамтамасыз етіледі.

Ағымдағы жылы 30 адам зардап шегіп, 3 адам қаза тапты. Кемелетке толмағандардың қатысуымен 6 ЖКО: 3 - кемелетке толмағандардың көлік құралын басқару, 2 - жаяу жүргіншіге соқтығысу және 1-уі велосипедшіні қағып кету өліммен аяқталған.

Жазғы демалыстың басталуымен кемелетке толмағандардың көп бөлігі көшеде ұзақ уақыт болып, ересектердің бақылауынсыз велосипедтер мен мопедтерді ездігінен басқарып, қоғамдық жолдармен жүреді.

Өдетте, біз өзімізге сұрақ қоямыз: неліктен балалар жол-көлік оқиғаларына ұшырайды? Жауап қарапайым болып көрінуі мүмкін: егер бала жолда абайсызда жарақат алса, онда бұл баланың кінәсі. Бірақ «баланың кінәсі» деген ұғым жоқ. Онымен болған жол-көлік оқиғасы тек біз, ересектер, бір жерге қарадық, бірдеңе үйретпедік немесе жеке мысалмен «жол заңын» бұзуға болатынын көрсеттік.

Уәкілетті органдар профилактикалық және тәрбие жұмыстарын жүргізуде, бірақ бұл біз көріп отырғанымыз-

дай әрдайым жеткіліксіз.

Осыған байланысты құрметті ата-аналар мен заңды өкілдер, Сіздерге жол қозғалысы ережелерін сақтау, жолда қырағылық пен сақтық мәселелері бойынша қосымша балалармен түсіндірме әңгімелер жүргізуді сұраймыз.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 5 сәуірінен бастап мопедтерді механикалық көлік құралдарына теңестіретін заңнамалық түзетулер күшіне енгенін еске саламыз (ҚР Жол қозғалысы туралы Заңның 41 бабы).

Қазір мопедтерді пайдалануға олар полицияда тіркелгеннен кейін, «А1», «А» санатындағы жүргізуші куәлігі болған кезде, техникалық байқаудан және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудан өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Мопедтерді тіркеу үшін Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 62 үй мекен жайы бойынша ХҚКО-ға жүгінуге болады.

Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 30 бұйрығына сәйкес «Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында келесі мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

1. Эпидемиологиялық маңызы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Мемлекеттік қызметті көрсету ұзақтығы – 13 (он үш) жұмыс күні.

2. Қоршаған ортаға, санитарлық-қорғау аймақтары мен санитарлық-қорғау аймақтарына, шикізат пен өнімдердің жаңа түрлеріне зиянды заттар мен физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті шығарындылары бойынша нормативтік құжаттама жобасының нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы құқықтық актілер. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектісіне есеп немірін беру. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Заңды немесе жеке тұлға эпидемиологиялық маңызы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы өтініш жолдайды. Осы қағидаларға 2-қосымшада көзделген нысан және объектілер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесі 8-тармаққа сәйкес құжаттар мен мәліметтер. Көрсетілетін қызметті алушыға объектілер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.kzpp.gov.kz интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің жай-күйі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ 1414 мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушылар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша кеңес алу үшін Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Мир көшесі, 8 үй немесе 8 (715-31) 2-81-51 телефоны арқылы хабарласа алады.

Жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Құлсара ӘЛЖАНОВА,
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бас маманы.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ТМҚК

Қазақстанда әрбір азамат тегін медициналық көмек немесе тегін медициналық көмектің көпіндік берілген көлемін (бұдан әрі - ТМҚК) ала алады.

ТМҚК Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, босқындарға, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады, барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді, сондай-ақ дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды.

ТМҚК республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу жолымен қаржыландырылады.

Нормативтік құжатта амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде АИТВ-инфекциясының профилактикасы мен диагностикасы, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде диагностика мен емдеу кіретін ТМҚК тізбесі бекітілген. Бұл аурулар санатына адамның имун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру жатады.

Қазіргі уақытта АИТВ инфекциясы бақыланатын созылмалы ауру болып табылады. Уақытылы анықтау, антиретровирустық препараттармен арнайы емдеуді тағайындау өмір сапасын жақсартыды және оның ұзақтығын арттырады.

АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі өңірлік орталықтың емдеу-профилактикалық жұмысы және диспансерлеу бөлімінің мамандары қолданыстағы клиникалық хаттамаларға сәйкес АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға динамикалық бақылау жүргізеді. Ауыр имун тапшылығы бар адамдарға ТМҚК шеңберінде профилактика жүргізіледі. Белсенді туберкулез белгілері жоқ жаңадан анықталғандардың барлығына туберкулездің алдын алу жүргізіледі.

Тек қана ТМҚК шеңберінде жүргізілетін әлеуметтік маңызы бар аурулар санатындағы науқастарды емдеуді қаржыландыру еліміздің барлық халқы үшін ТМҚК шеңберінде медициналық қызметтер пакетін сатып алатын мемлекеттік сактандыру қоры есебінен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік маңызы бар аурулар бар пациенттерді емдеу тек ТМҚК шеңберінде еліміздің барлық халқы үшін медициналық қызметтер пакетін сатып алатын медициналық сактандыру қоры есебінен қаржыландырылады.

Татьяна САЙКИНА,
АИТВ-ның алдын алу жөніндегі ОО ҰББ меңгерушісі.

КӘСІПОРЫННЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ - БҮЛ НЕ ЖӘНЕ СҚА ЖОБАЛАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Санитариялық-қорғау аймағының (бұдан әрі - СҚА) жобасы қолданыстағы жобаланатын өнеркәсіптік объектілер үшін әзірленеді.

Кәсіпорынның санитарлық-қорғау аймағы - бұл өнеркәсіптік объект пен нормаланған аумақ арасындағы бүферлік аймақ; тұрғын үй, көкөніс бақтары, рекреациялық аумақтар, балалар спорт алаңдары. Ол жақын маңдағы аумақтардың тұрғындарын өнеркәсіптік және басқа да инфрақұрылымдық объектілердің теріс әсерінен қорғайды. СҚА-ны әзірлеу жақын маңдағы тұрғындардан аумағында гигиеналық нормативтердің сақталуы туралы қорытынды жасауға және қажет болған жағдайда кәсіпорынның халық денсаулығына теріс әсерін азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

СҚА жобасы не үшін қажет? Санитарлық қорғау аймағының жобасы екі негізгі мақсатты көздейді. Біріншісі - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын сақтау.

Екіншісі - жобаланатын объектілер үшін тұрғын үй құрылысын, рекреациялық аймақтарды және басқа да нормаланатын аумақтарды орналастыруға болмайтын кәсіпорынның болашақ «бүферлік аймағының» мөлшерін анықтау, ал жұмыс істейтіндер үшін - СҚА-ның алдындағы мөлшерін жеткіліктілігін бағалау және қажет болған жағдайда теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

Объектілердің қауіптілік сыныбына қарай, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес «адамның тіршілік ету ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында СҚА-ның мынадай мөлшері көзделген:

- 1) 1000 метрден және одан жоғары қауіптіліктің I класты объектілері;
- 2) қауіптіліктің II класты объектілері 500 метрден 999 метрге дейін;
- 3) қауіптіліктің III класты объектілері 300 метрден 499 метрге дейін;
- 4) қауіптіліктің IV класты объектілері 100 метрден 299 метрге дейін;
- 5) 50 метрден 99 метрге дейінгі қауіптіліктің V класты объектілері.

СҚА жобасы және халықтың өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелді бағалау мамандандырылған ұйымдармен әзірленеді және бекітіледі және Тапсырыс берушімен келісіледі. Әзірленген жобаның сапасын, дұрыстығын және толықтығын қоса алғанда, іс-шаралардың орындалуын Тапсырыс беруші мен жобалық құжаттамамы әзірлеуші қамтамасыз етеді.

Санитарлық-қорғау аймағының жобасын әзірлеу мынадай жұмыстарды қамтиды:

1. СҚА жобасына түсіндірме жазбаға мыналар кіреді:
 - 1) жер учаскелерінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін объектілер туралы жалпы мәліметтер;
 - 2) объектілер орналасқан ауданда аумақты функционалдық пайдаланудың талдауы;
 - 3) аумақтардың табиғи-экологиялық ерекшеліктерінің қысқаша сипаттамасы;
 - 4) атмосфералық ауаның ластану факторы бойынша СҚА есептеуі;
 - 5) шудың әсер ету факторы бойынша СҚА есептеуі;
 - 6) теріс әсердің басқа факторлары бойынша СҚА есептеуі;
 - 7) су тұтыну мен су бұруды талдау;
 - 8) өндірістік қалдықтардың түзілуі;
 - 9) адамның тіршілік ету ортасына теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар;
 - 10) көрсеткіштер жиынтығы бойынша СҚА шекараларын негіздеу;
 - 11) атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының көзінен және (немесе) физикалық әсер ету көзінен немесе объект аумағының шекараларынан қашықтықтар мен есептік нүктелерді көрсете отырып, 8 (сегіз) Румб бойынша СҚА шекарасын

трассалаудың мәтіндік сипаттамасы бар схемадағы СҚА шекаралары (СҚА мөлшерін белгілеу тәсіліне байланысты);

12) СҚА-ның бос аумағын жоспарлау, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шаралар мен құралдар;

13) СҚА аумағын пайдалану режимі (орналастыруға рұқсат етілген объектілерді СҚА аумағында немесе шекараларында орналастыру);

14) СҚА аумағын пайдалану режимі (орналастыруға рұқсат етілген объектілерді СҚА аумағында немесе шекараларында орналастыру);

15) топографиялық негізде масштабта (1:500 – 1:2000) орындалған кестелік және графикалық материалдар.

Егер объектінің шекарасынан Нормативтік (ең төменгі) СҚА-дан нормаланатын аумақтардың шекарасына дейінгі 2 (екі) есе және одан асатын қашықтық, сондай-ақ зираттар, мал шаруашылығы және құс шаруашылығы объектілері үшін халықтың өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелді бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау орынды болмаса.

Нормаланатын аумақтардың Нормативтік (ең төменгі) СҚА 2 (екі) еседен аспайтын шекарасына дейінгі арақашықтықты қысқартқан кезде халықтың өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелді бағалауды орындау қажет.

СҚА шекараларын қадағалау-ластаушы заттар шығарындыларының ең жақын көзінен және (немесе) физикалық көзінен 8 (сегіз) Румб (солтүстік-батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс, шығыс, оңтүстік-шығыс, батыс, оңтүстік-батыс, оңтүстік) бойынша бақылау нүктелері мен арақашықтықтары бар жергілікті жердің ситуациялық жоспарындағы трасса (сызық). СҚА шекараларына әсер ету.

2. СҚА жобасының құрамында мынадай кестелік материалдар ұсынылады:

- 1) объектілер аумағының балансы;
- 2) объектілердің атмосфералық ауаға шығарылуына байланысты ластаушы заттардың тізбесі;
- 3) фондық концентрацияларды ескере отырып, атмосфералық ауадағы ластаушы заттар шығарындыларының таралуын есептеу нәтижелерін талдау;
- 4) есептік нүктелерде (СҚА шекараларында, одан тыс жерлерде, тұрғын үй құрылысында) ластаушы заттардың шоғырлануы;
- 5) көгалдандыру объектілерінің тізбесі;
- 6) осы Санитариялық қағидалардың 45 тармағына сәйкес СҚА көгалдандыруға арналған ағаштардың ұсынылатын ассортименті;
- 7) қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары-кестесі;
- 8) аумақты ұйымдастыру, абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларды орындаудың жоспар-кестесі;
- 9) СҚА шекарасында және объектілер үшін іргелес тұрғын аймақ аумағында өндірістік бақылау бағдарламасы;
3. СҚА жобасының құрамында мынадай графикалық материалдар ұсынылады:
 - 1) объектілер орналасқан ауданда аумақты функционалдық пайдалану схемасы;
 - 2) нысандардың бас жоспары;
 - 3) атмосфералық ауаның шығарындылары мен ластану көздерін орналастыру схемасы (қазіргі жағдайы мен болжамы);
 - 4) шу, дүріл, ЭҚК және басқа да физикалық факторлардың көздерін және олардың әсер ету аймағын орналастыру схемасы (қазіргі жағдайы мен болжамы);
 - 5) СҚА шекарасын белгілеу схемасы;
 - 6) СҚА жоспарлау ұйымының схемасы;
 - 7) СҚА абаттандыру және көгалдандыру жоспары
 - 8) өндірістік бақылау бекеттерін орналастыру схемасы.

СҚА жобасы бір рет әзірленеді және келісіледі және технологиялық процестердің өзгеруі, жабдықтардың өзгеруі, кәсіпорынның қуатының артуы және басқа да ауқымды өзгерістер кезінде түзетуге жатады.

Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

ПРЕГРАВИДАЛЬДЫ ДАЙЫНДЫҚ

2025 жылдан бастап Қазақстанда жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау және 15 пен 49 жас аралығындағы әйелдердің денсаулығын нығайту мақсатында «Аналар саулығы» бағдарламасы жүзеге асып келеді. Қауіпсіз жүктілікті қамтамасыз ету үшін сауықтыру шаралары жүктілік басталғанға дейін прегравидалды дайындық түрінде жүргізіледі.

Прегравидалды дайындық – бұл әйелді жүктілікке дайындау процесі. Ол болашақ ана мен баланың денсаулығын бақылауға, назарда ұстауға бағытталған бірқатар іс-шараларды қамтиды.

Көрсетілетін қызметтердің тізбесі Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес айқындалған. Учаскелік дәрігерлер ана мен бала үшін жүктілік пен босану нәтижелерін жақсарту мақсатында жоспарланған жүктіліктен 6 ай бұрын әрбір тұрғынды тексереді. Қыздар мен жасөспірімдерге ерекше назар аударылады.

МӨМС жүйесінде консультациялық-диагностикалық көмекте репродуктивті жастағы әйелдерге 4 базалық тексеру көзделген: акушер-гинекологтың кенесі; генетика (көрсеткіштер бойынша), В және С гепатиті.

Әйелдер денсаулығын сақтау және нығайту - біздің тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуымыздың

негізі. Әрбір тұрғынның жас кезінен бастап уақтылы және сапалы медициналық көмек алуы маңызды.

Айта кету керек, прегравидалды дайындық жүкті әйелдің өмірі мен ұрыққа тәуелді қауіп-қатерді алдын алу болып табылады. Сәтті босану үшін жүкті әйелдің денсаулығын қалыпта ұстауға және дені сау баланы туылуына негізгі себептердің қатарына жұбайлардың жаман әдеттерден бас тартуымен және өмір салтын өзгертумен, дене салмағын қалыпқа келтірумен, сондай-ақ дәрігердің қатысуымен жиынтық гормондардың деңгейін түзетумен, витаминдер мен макро және микроэлементтердің жетіспеушілігін жоюмен, бар ауруларды емдеумен жоғарылады.

2025 жылғы прегравидалды дайындыққа репродуктивті жастағы әйелдердің 116 877-нің 23 375-ін қамту үшін 134 млн. теңге қаражат бөлінді. Емханалар әйелдерді прегравидалды дайындықпен нәзік хандыларының кемінде 10 пайызын қамтуы тиіс. Осыған байланысты, облысымыздың қыз-келіншектерін емханға барып, жүктілікті жоспарлау алдында тексеруден өтуге шақырамыз.

Айнагул ДАВЕТЧИНА,
«Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры»
КЕАҚ СҚОФ директоры.

АУЫЛДАСТАРЫНЫҢ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАН АЛМА



Маусым айының үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі жыл сайын кеңінен атан отырады. Биыл маусым айының 15-ші жұлдызына түсетін тұрғын жерге қарсаңында жылдағы дәстүрге сай аудандық денсаулық сапасында айырғылы еңбек етіп жүрген сапалы мамандар жайлы сөз еттіміз. Осынында да медицина қызметкерінің жұмысы адам өмірімен тығыз байланысты беландықтан аса жауапты. Әрі қиын. Әсіресе, ауылдағы фельдшердің орны тым биік. Ол ауданда дәрігердің науқасқа татайымдаған елін ауылда жүргізумен қатар, тұрақты түрде тұрғындардың денсаулығын қатаң қадағалайды. Сондай-ақ, фельдшердің жұмысы өте ауыр, жұмысы да көп саналады. Өйткені ол кез келген уақытта науқасқа алғашқы көмекке келіп, жедел медициналық жәрдем көрсететін білікті маман. Сондай ақ халатты абзал жаттық бірі. Албаста ауылдың фельдшері - Алла Әшімқызы Масаева.

Алма Әшімқызы 1964 жылы 25 қыркүйекте бүгін орны ғана қалған Қызыл ту ауылында дүниеге келген. 8 сыныпты қазіргі Достық ауылындағы орта мектепте бітіріп, 1979-83 жылдары аралығында Петропавл қаласындағы медициналық училищесінде білім алған. Қолына диплом алған жас маман 1983 жылы жолдамамен Құралай ауылына жұмысқа тұрады. Кейін 1985 жылы Круглое ауылында еңбек етіп, 1989 жылдан қазіргі уақытқа дейін Лебяжка ауылында фельдшер болып жұмыс істеп келеді.

Иә, медицина саласында жауапты дәрігерлермен қатар, адам денсаулығына бей-жай қарамайтын фельдшерлер де еңбек етеді. Олардың көрген-білгені, тәжірибе арқылы келген біліктілігі сырқатты айықтыруда

үлкен рөл атқарады.

Осы ретте денсаулық сақтау саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман Алла Исаева қашан көрсенде ізденіс үстінде жүреді. Тапсырылған жұмысқа тиянақтылықпен қарайтын оның жұмысқа деген құлшынысы да ерекше. Ол мектеп қабырғасында жүріп-ақ медицина саласында еңбек етуді армандаған. Бала күнгі асқаралы армандары мақасты айқын бойжеткеннің маман болып қалыптасуына тікелей әсер етіп деуге де толық негіз бар.

- Мен дәрігер болуды бала кезден армандадым. Арнайы орта білім алған соң, еш ойланбастан мемлекет жіберген елді мекенге келіп, мамандығым бойынша жұмысқа кірісіп кеттім. Биыл менің медицина саласында қызмет жасап келе жатқаным 42 жыл

болыпты. Ұзақ жылғы қызметімде түрлі жағдайлармен бетпе бет келдім, бірақ мен алған білімімді, жинаған тәжірибемді басшылыққа алып отырамын. Біздің жұмыста «8 сағат істедім, жұмысым аяқталды» деген нәрсе жоқ. Ауру деген күн-түнге, жыл мезгіліне қарамайды. Кейде үй бетін көрмей жұмыс істейтін кездер болды, - дейді ауыл фельдшері.

Алма Әшімқызына қарап, денсаулық сақтау саласында абыройлы еңбек ету жауапкершілігі мөл жандардың ғана қолынан келетін іс екені анық байқадық. Өйткені, ақ халатты абзал жандар тәулігіне бірнеше мәрте түрлі сыңартерлермен бетпе-бет кездеседі. Олар үшін басты міндет науқасты емдеу және аурудың алдын алу болып табылады.

Біздің кейіпкеріміз 1989 жылы салынған медициналық пунктте қызмет атқарады. Онда халыққа қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалған. Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін мемлекеттік барлық құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен, автокөлікпен қамтамасыз етіп отыр. Тәжірибесі мол фельдшермен қатар, мұнда 20 жылдан артық жұмыс істеп келе жатқан жүргізуші Сергей Голубенко және көп жыл бойы тазалыққа жауапты санитарка Людмила Иваненко еңбек етеді. Ұжымда қызметкерлердің барлығы бір-бірін сыйлап, қолдап, кез келген істі үнемі ұйымдаса атқарады.

- Медицина ғимараты 2007 жылы күрделі жөндеуден өтті. Су кіргізілген. Барлық қажетті медициналық жабдықпен қамтамасыз етілген. Ұаз жедел жәрдем автокөлігі Лебяжка мен Құралай ауылдарына қызмет көрсетеді. Осы көлікпен тұрғындарды аудан орталығына апарып, түрлі тексеруден өткіземіз. Тегін медициналық көмектің көпелдірілген көлемі шеңберінде емделетін науқастарға дәрі-дәрмектер ала келіп, үй-үйге таратамыз. Ауылда қариялар көп болғандықтан күнде олармен кездесіп, қан қысымын, дәрі-дәрмек ішуін, жалпы жағдайын бақылап отырамын. Ауылда 300-ге жуық адам тұрады, оның ішінде 29 бала бар. Сонымен бірге, өткен жылы дүниеге келген екі сәбидің денсаулығын үнемі тексеріп жүрмін, - дейді Алла Әшімқызы. Иә, кез келген медицина қызметкері науқасқа ем-доммен бірге, қажет кезде үміт те сыйлай білу керек. Олардың жұмысына ең қажет нәрсе - өз ісіне және науқастарға асқан жауапкершілікпен қарау. Әр емнің өз уақыты бар, соны ұстану керек, таза жүру керек. Тағы бір қажет нәрсе - білім. Жалпы барлық маманға білім керек, медицина саласының маманына ол өкі есе қажет десек, қателеспеспіз.

Білімді өрі білікті, өз ісіне адал жан Алла Исаеваның шынында да жүрегі кең, мейірімді, сөзі де,

алақаны да шипалы екенін ауылдастары жақсы біледі. Содан болар, ауыл тұрғындарына мейлі ол жас бала болсын, егде жастағы қария болсын тек үміт сыйлайтын қамқоршы. Өзі ісін майталманы Алла Исаеваның мемлекет тарапынан «Денсаулық саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталуы да соның айғағы емес пе?!

1985 жылы тұрмысқа шығып, жолдасы Нұртай ағаман бірге Дәурен мен Марлен есімді екі ұл тәрбиелеп өсірген ата-ана, бүгін екі немере сүйіп отырған жайы бар. Отбасымен қатар, үй шаруасын да қатар алып жүрген Алла Әшімқызы облыс әкімінің сыйлығына ие болып, ер жылдары облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталған екен.

Қырық жылдан астам уақыт бір салада қажырлы еңбек етіп, ауылдастарының алғысын арқалаған Алла алай сынды адал жандар қашанда құрметке лайық. Ендеше, аудан төңірегінде адам өмірінің арасына болған, азаматтарымыздың денсаулығына қамқорлық көрсетіп келе жатқан барша медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, тәндеріне саулық, еңбектеріне табыс, отбасыларына амандық, бақыт пен береке тілейміз.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ.
Суретті түсіріп автор.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ФЕЛЬДШЕР БОЛҒАНЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

- Соңғы жылдары Алаш қайраткерлері туралы көптеген зерттеулер жасап жүргеніңізді білеміз. Мағжан Жұмабаевтың фельдшер болғанын да естіп қалдық...

- Иә, Мағжан Жұмабаев біздің ең сүйік ақымымыз ғой. Мұхтар Әуезов «Бірінші Абайды сүйемін, екінші көрметтей өзінің орны бар, жарықарған Мағжанды сүйемін» деген. Біз де солай. Абайдан кейін, осы Мағжан ұлы ақын. Оны Валерий Брюсовтың өзі қазақтың Пушкині деп атаған.

Бірнеше жылдан бері Алашорда қозғалысына қатысқан дәрігерлер мен алғашқы фельдшерлердің өмірі мен қызметі туралы кітап жазып жүрмін. Тәуелсіздіктің арқасында 14 жыл бұрынғы НКВД, УГПД-ның және СПЕЦ архивтерін қарауға мүмкіндік туды. Мұрағатты ақтарып отырып қатты әсер алдым. 8 қал делі алып келді. Олардың барлығында Алашордашылар. Мен Алматыда қараған 11 дәрігердің ісі бар екен. Сотталғандар ісі. Ал мынау неге көп десем? Сөйтсем Алашордашылар мен алғашқы дәрігерлер тығыз қатынаста болған екен.

Солардың ішінен Мағжан Жұмабаевтың ісін алып қараймын. «Анкета арестованного» деген бар екен. Сондағы проффессия деген жерін Мағжан өз қолымен толтырған. Бірінші «писатель», екінші «медицинский фельдшер» депті.

- Сол фельдшерлікке қалай келгенін тарқатып айтып берсеңіз?

- 1930 жылы Мағжан Жұмабаев сотталып, лагерьге түсті. Оның қасында Ленинградтық Фирсов деген профессор, академик бірге отырған. Екеуі әңгімелесіп, бір-бірімен танысып болған соң, Фирсов айтады: «Мағжан сен енді, если Всевышний поволит біздер осы лагерьден шығамыз. Содан кейін қандай қызмет істейсің? Сенің мамандығың жазушы. Сен байларды жазасың, хандарды жазасың, бұрынғы ескілікті аңсайсың. Ол саған жұмыс болады ма? Сен оған нан тама алмайсың. Екінші, сен университеттің семинарияны бітіргенсің. Саған мұғалім болуға тағы болмайды. Ол идеологиялық жұмыс. Сондықтан қандай формация болсын, капитализм болсын, әр уақытта дәрігерлер мен фельдшерлерге қажеттілік бар. Сондықтан сен мына Ленинградта медицинский фельдшерлікті оқы. Мен саған көмектесеймін», - дейді. Осыдан кейін Мағжан сол жерде оқыған. Оған жұбайы Зылиха Ленинградта тұрып Мағжан

«Сүм өмір абақты ғой саналыға...» деп жырлаған қазақ поэзиясындағы қайталанбас ақынның бірі, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың медицина қызметкері болғанын көпшілік біле бермейді. Өзімізде бұл ақпаратты алғаш естігенде таңданып қалғанымыз рас. Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың осынау жолға қалай түскенін толығырақ білу үшін медицина ғылымдарының докторы, профессор Әлихан Досхановты сұхбатқа тарттық.



отырған лагерьге оқулықтарды алып келіп отырған. Солай 18 рет барады. Жақсы оқып, 1936-шы жылдың басында лагерьден шығады. Ленинградқа барып емтихандарды жоғары бағамен тапсырып, фельдшер деген диплом алады.

Сондай дәрігерлердің ішінен 23 адам атылып кетті. Олардың істерін қарап отырсам «Приговор вышней меры наказаний» деп жазған. ВМН деп жазды. Сосын атылады. Содан кейін Москвадан КГБ арнайы анықтама береді. Анықтаманы қарасам Мағжан 1938 жылы 18 наурызда атылды деп жазылған. Алматының сыртында бір жерге лақтырып, көміп тастаған. Осы ақпараттарды естіп-біліп, жыладым. Себебі, не баласы жоқ, не моласы жоқ. Қандай ұлы ақымымыз. Біздің мақтаншымыз. Сұмырай, жеңдеттер. Сталиннің тоталитарлық режиміне деген кек, ызада шек жоқ.

- Жаңа сөз арасында сондай дәрігерлердің 23-і атылып кетті дедіңіз. Олардың арасында Алаш зиялыларынан тағы біреу-міреу болды ма?

- Иә, болды. Мәселен, Міржақып Дулатов. Біздің «Оян қазақты» жазған кәдімгі ұлы жазушымыз. «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсынұевпен бірге шығарушы. Ол да фельдшер болған. Міржақып 1935 жылы октябьрдың 5-інде лагерьде, Сосновец стансысында отырып дүние салды. Сол Міржақып Дулатовтың да ісін алып қарағанда, ерекше сезімді бастан өткердім. Жанның ашуы. Күю. Жылау. Екінші жағынан - мақтаншы. Халел Досұхамедов айтқан ғой «Біз де ертеректе бірнеше адам әлемді таң қалдырды. Әлемді таң қалдырған адамдардың ішінде біздің қазақ пен қырғыздар да болды деген. Біздің Мағжан, Міржақыптар солардың бірі». Міржақып қайтыс болған кезде,

қасында бірге болған Мырзағазы Есболов өзі құран шығарып жерленген сол жерге. Сол Мырзағазы да фельдшер болған. Ол да көрнекті Алаш қайраткері. Алаш орданың армиясы құрылған кезде сол әскери кеңестің басшысы болған.

Алғашқы фельдшерлер өте ғажайып адамдар болатын. Қандай қасиеттері бар еді. Ең бірінші, оларда сезім болды. Олар отансүйгіш болды. Олар елі үшін жанын беруге даяр болған. Және сол жолда атылып кетті де. Қазақтың мүддесін қорғаймын деп құрбан болды.

Сосын, олар білім мен ғылымға жаны жақын болды. Міржақып айтады ғой: «Білімдінің жүрген жері жарық», - деп. Өздері жақсы білім алған. Университетке түсіп тұрып Реалдық училище деген болған. Соны бітірген. Бітірген соң 3-4 тіл біліп шығатын. Олар кемінде 4, көбі 8 тіл білген. Мысалы, мен Санжар Асфендияровты ісін қараған кезде де ерекше сезімде болдым. Ол кісінің паспорты, әскери билеті, өз қолымен жазылған автобиографиясын, барлығын көрдім. Сол білімдерінің арқасында неше түрлі жұмыстарды атқара алды. Одан бөлек Бейсенғали Абдрахманов деген фельд-шер болды. Ол 1930-жылдардың басында нарком здравоохранения болды. Халел менен Санжар екеуі Алматыдағы қазіргі Абай атындағы пед. университетті және бірінші Қазақ Ұлттық Медициналық университетті ашқан. Бірінші ректоры болды. Өздері жазып, оқулықтар шығарған. Аудармалар жасаған.

Мен де еңбек жолымда «медицинский брат», фельдшер болып бастағаным. 1967 жылы. Әріптес болып шықтым мінекі.

- Алаш зиялыларын сізбен бірге зерттеп жүрген тағы кімдер бар?

- НКВД-нің архивтерінде жұмыс істеген Кеңес Нұрпейісов, Мәмбет Қойгелдиев, Тұрсын Жұртбай, Дихан Қамзабекұлы және тағы басқа 10 шақты ғалым зерттеді. Дина Аманжолова деген қарындасымыз өте белсенді қызмет істеп жүр. Сонымен қатар «информационно аналитический» центрде, ішкі істер министрлігінде жұмыс істейтін Айгул Шахметова, Дарья Алиева деген қарындастарымызға мында бір ризашылығымыз білдірміз. Көптеген материалдарды қарап, танысуға мүмкіндік туғызды.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Сапарғали ҚАНАТ.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛКЕСІНДЕГІ БАЙЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

**БЕКЕН ЖҰМАБАЙ ҚАЖЫҰЛЫ –
АҒАРТУШЫ, МАҒЖАННЫҢ ЕКЕСІ**

Бекен Жұмабаев (1865–1934) – Бейнеткор ауданының №6 ауылында өмір сүрген, заманында беделді, ауқатты, көзі ашық адам болған. Ол – қазақ халқының ұлы перзенті, Алаш партиясының мүшесі, азаттықты жырлаған ақын Мағжан Жұмабаевтың әкесі. Балаларының бәріне білім беріп, оларды ғылым мен өнер жолына баулыған Бекен – сол дәуірдің прогрессивті тұлғаларының бірі еді.

Алайда оның шыққан тегі, ұстанымы және перзентінің саяси көзқарастары кеңестік биліктің қырағы назарынан тыс қалмады. 1930 жылдардағы саяси құжаттарда Бекен Жұмабаев «бұрынғы волостной управитель», «ұлтшыл ақын Мағжан Жұмабаевтың әкесі» ретінде сипатталып, еңбекші тапқа жатпайтын, «қоғам үшін зиянды элемент» деп танылды. Агенттік материалдар болмағанына қарамастан, ол Окруттік комитеттің нұсқауымен 2-санат бойынша жер аударылатындар қатарына енгізілді.

Ол тек ауқаттылығы немесе ұлтшыл үл тәрбиеленгені үшін емес, кеңестік биліктің көзіне күйіп жүрген тұлға ретінде қуғындалды. Бекен Жұмабаев 1934 жылы дүние салды. Қазір оның сүйегі Петропавл қаласындағы ескі мұсылман зиратында, қазіргі Орталық саябақ аумағында жатыр.

**ҒАЛЕУТДЕН МАМЕКОВ – АЛАШҚА
ЖАҚЫН, ҰЖЫМДАСТЫРУҒА ҚАРСЫ**

Тағы бір қуғын-сүргінге ұшыраған тұлға – Ғалеутден Мамекөв. Ол Төңкерей ауданының №3 ауылында тұрған. Кеңестік құжаттарда оның алашордашылармен байланысы болғаны, кеңес үкіметінің саясатына қарсы сөйлегені және колхоздастыруға ашық қарсы шыққаны туралы жазылған. Ол да «қоғамға қауіпті элемент» ретінде бағаланып, ауқатты атамәнер ретінде мүлкі тәркіленіп, жер аударылды.

Ғалеутден Мамекөв сияқты тұлғалар – кеңестік биліктің қысымына ұшыраған мыңдаған қазақ азаматтарының бейнесі. Олар халық жауы емес, өз халқының болашағы үшін алаңдаған, сол жолда күрескен азаматтар болатын.

**НҮРҒАЛИ ӘБДІЛДІН – ҚҰНСЫЗДАНҒАН
ЕҢБЕК, ҚУДАЛАНҒАН ЕРКІНДІК**

Нұрғали Әбділдин – нақты туған жылы белгісіз, Булаев ауданы, Первомай ауылдық кеңесінің тумасы. Отбасында төрт адам болған, оның екеуі 14 жасқа толмаған балалар еді. Ол – ауыл шигенді ірі байлардың бірі, еңбекпен мал жинап, шаруашылығы дамыған адам.

1919 жылы оның қолында 60 жылқы, 20 сиыр, 20 жас мал, 40 қой, 5 десятина егістік және шөл шабатын машина болған. Бұл – техникалық жаратануы бар, нағыз ірі шаруашылықтың көрсеткіші. 1927 жылы оның мал-мүлкі едәуір азайғанымен (30 жылқы, 15 сиыр, 6 бұқа, 10 жас мал, 25 қой), шаруашылығы өлі де ірі санатқа жатқызылған. Осы уақытта ол маусымдық жалдамалы жұмысшы ұстағаны үшін сайлау құқығынан айырылған.

Архивтік құжаттарда Нұрғалидың кеңестік билікке ашық қарсы болғаны, ұжымдастыру саясатын мойындамағаны, астық пен ет дайындау жоспарына қарсы тұрғаны анық жазылған. Кеңес билігі оның шаруашылығын «қауіпті элементтің ұясы» деп бағалап, оған жоғары салық салып, ақырында 1932 жылы 18 қаңтарда ресми түрде «улақ» ретінде қуғынға ұшыратқан. Ол отбасымен бірге ауданнан тыс жерге жер аударылды.

**НҮРМҰХАМБЕТ ӘЛЖАҢОВ – ҚАШҚЫН
БАЙДЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ТАҒДЫРЫ**

Нұрмұхамбет Әлжанов – 1898 жылы туған, Первомай ауылдық кеңесінің Сулышоқ колхозы аумағында тұрған. Төрт адамнан тұратын отбасымен өмір сүрген, оның ішінде екі кіші баласы болған. Ол – дәстүрлі қазақ шаруашылығының өкілі, ауқатты мал иесі. 1919 жылғы дерек бойынша 60 жылқы, 20 сиыр, 12 бұқа, 20 жас мал, 60 қойы болған.

1928 жылы да шаруашылығы өлсіреген жоқ: 50 жылқы, 15 сиыр, 10 бұқа, 25 жас мал, 40 қой және 10 десятина егістік болған. Сонымен бірге 1 маусымдық жұмысшыны ұстаған. Бұл – оны кеңестік идеологияның «қанаушы тап» санатына енгізуге жеткілікті еді.

Ол да Кеңес өкіметіне қарсы көзқарасы үшін 1929 жылы дауыс беру құқығынан айырылды. 1930 жылы Алматы маңындағы концлагерьге жер аударылды. Бірақ ол жерден қашып шығып, біраз уақыт жасырын өмір сүрген. Алайда қайтып оралған кезде билік оның шаруашылығын қайтадан тәркілеп, 1932 жылдың 18 қаңтарында екінші рет «улақ» ретінде ауданнан тыс жерге жер аударды.

Әлжановтың тағдыры – кеңестік жүйенің қатаң бақылауы мен аяусыз жазалауының айғағы. Жазадан құтылу мүмкін емес еді. Тіпті лагерден қашып шыққандар да өркін өмір сүре алмады.

**ӘУЖАН ӘЛШЕНОВ – ХАЛЫҚ ЖАУЫНА
АЙНАЛҒАН ТАҒДЫР**

Әужан Әлшенев – Булаев ауданы, Первомай ауылдық кеңесінің байы. Отбасында төрт адам болған, оның екеуі көмелетке

Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының айналысатын жатқан «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жалпай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің жинақталуына дайындау және басшы шығару» жобасы бойынша ғылыми-ізденістер жұмыстары барысында ХХ ғасырдың бірінші жартысында кең-байызақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі қазақтардың басына түскен ауыспалы, қатты, қатты келген қалай тағдырлармен танысуың сөйті жүсі. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының байырғыдағы ең қаралы кезеңдердің бірі болды. Кеңестік билік орнағаннан кейін жүргізілген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер халықтың бәлкімтал айырды. «Алтынның құрбаны» – халықтың күйрегі» делеткі, қазақ қоғамының жірегі болған байлар мен ауқатты азаматтар жалпық жау деп танылып, түрлі қуғын-сүргінге ұшырады. Мағжан Жұмабаев өңірінде де осындай тағдырдың басталған өткерген көптеген азаматтар бар. Олардың тағдыры – ұлттың қасіретіміздің, нақты көрінісі.



**ӘЛГЕН ӘЛГЕНОВ –
ҚУҒЫНДАЛҒАН ЕЛ АҒАСЫ**

Әлген Әлгенов – Булаев ауданы, Первомай ауылдық кеңесіне қарасты №8 ауылдың тұрғыны. 1917 жылы оның иелігінде 250 жылқы болған. Бұл көрсеткіш оның дәулетті, шаруашылық жүргізудегі тәжірибелі адам болғанын дәлелдейді. Мал шаруашылығымен қатар, Әлгенов жалдамалы жұмыс күшін – 30 тұрақты батракты – пайдаланған. Бұл да оның байлықпен қатар ұжымдастырушылық қабілетінің жоғары болғанын көрсетеді.

Уақыт өте келе, 1927 жылы оның шаруашылығы қысқарғанымен, ол өлі де 60 жылқы, 8 сиыр, 2 бұқа, 14 жас мал және 36 қойға ие болып, 2 тұрақты және 1 маусымдық жұмысшыны жұмыспен қамтып отырды. Бірақ осындай шаруашылық пен еңбекке негізделген өмір салты кеңестік билікке қауіп ретінде қабылданды. Ол «кеңес өкіметінің шараларына қарсы шықты», «бақылау тапсырмаларын орындамағаны үшін қамауға алынған» деп сипатталды. 1927 жылы оны сайлау құқығынан айырды, ал 1932 жылы 18 қаңтарда Булаев аудандық атқару комитетінің шешімімен оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасы мүшелерімен бірге жер аударылды.

**МӘДИ АХМЕТ ҚАЖЫҰЛЫ –
ХАЛЫҚҚА ЕҢБЕК ЕТКЕН, БІРАҚ
«ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ» ДЕП ТАНЫЛҒАН**

Мәди Ахмет қажыұлы – Булаев ауданына қарасты Первомайский ауылдық кеңесінің тұрғыны. Тарихи деректерге сүйенсек, оның отбасы 4 адамнан тұрса, олардың үшеуі – көмелетке толмаған балалар болған. 1919 жылға дейін Мәдидің шаруашылығында 30 жылқы, 20 сиыр, 10 өгіз, 20 жас мал және 3 десятина егістік жер болған. Ол екі тұрақты жалдамалы жұмысшының көмегімен шаруашылығын жүргізген.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де оның малы азайғанымен, шаруашылығы өмір сүріп тұрған: 20 жылқы, 10 сиыр, 5 өгіз, 3 жас мал, 15 қой, 3 десятина егістік. Осы мал-мүлкі мен жұмыс күшін пайдаланғаны үшін Мәдиге «қанаушы» деген айып тағылып, ол 1929 жылы сайлау құқығынан айырылды. Сонымен қатар, ол колхоздастыру мен ет-астық дайындау науқандарына қарсы шығып, өзінің көзқарасын жасырмаған. Мұның бәрі оны кеңес билігі тарапынан «саяси қауіпті элемент» қатарына енгізіп, 1932 жылы 18 қаңтарда мал-мүлкі тәркіленіп, отбасымен бірге жер аударылды.

**СӘДУАҚАС АХМЕТ ҚАЖЫҰЛЫ –
КОЛХОЗ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚОЛДАМАҒАНЫ
ҮШІН ҚУҒЫНДАЛҒАН**

Сәдуақас Ахмет қажыұлы да №8 ауылдың тумасы. Оның отбасы екі адамнан ғана тұрған. 1919 жылғы мәліметтерге сәйкес, оның иелігінде 25 жылқы, 15 сиыр, 4 өгіз, 25 қой болған. 1929 жылы бұл көрсеткіш біршама төмендегенімен (10 жылқы, 10 сиыр, 2 өгіз, 3 жас мал, 15 қой, 2 десятина егіс), кеңестік билік үшін бұл өлі де «байлықтың белгісі» саналды. Ешбір жалда-

малы жұмысшы ұстамағанына қарамастан, Сәдуақас 1928 жылы сайлау құқығынан айырылды. Себебі – ол кеңестік үгіт-насихатқа ашық қарсылық білдіріп, саяси науқандарға (колхоздастыру, ет-астық дайындау) қарсы көзқарасын білдірген. Бұл әрекеттері үшін ол «совет өкіметіне қарсы тұрған қауіпті элемент» деп танылып, 1932 жылы 18 қаңтарда оның да шаруашылығы тәркіленіп, өзі жер аударылды. Тек 1989 жылы 25 мамырда Омбы облыстық прокуратурасы Сәдуақас Ахметовты ақтап шықты.

**НҮРПЕЙІС БАЙЖҮЖИН – ОТБАСЫМЕН
ҚУҒЫНДАЛЫП, ӨЗІ АТУ ЖАЗАСЫНА
КЕСІЛГЕН БАЙ**

Нүрпейіс Байжүжин (құжаттарда – Нерпейіс Жанжүжин) Булаев ауданы, №8 ауылдың тумасы. Оның отбасы 5 адамнан тұрған, соның үшеуі – көмелетке толмаған балалар. 1919 жылғы деректерге қарағанда, Нүрпейістің иелігінде 100 жылқы, 40 сиыр, 15 өгіз, 10 бас жас мал, 40 қой және 8 десятина егістік жері болған. Ол екі маусымдық жалдамалы жұмысшыны ұстап, шаруашылығын тиімді жүргізген.

Кеңестік билік орнаған соң да ол едәуір малын сақтап қалды: 40 жылқы, 20 сиыр, 10 өгіз, 15 қой және 5 десятина жер. Алайда, Нүрпейіс үкіметтің ұжымдастыру саясатын ашық қолдамаған. Протоколдарда оның халықпен кеңес жүргізіп, колхоздастыруға қарсы насихат жүргізгені көрсетіледі. Ол «антисоветтік әңгімелер айтып, кейбірлерді кеңес үкіметіне қарсы үгіттеді» деген айыппен 1925 жылы алғаш рет сотталып, кейін бірнеше жыл қатарынан дауыс беру құқығынан айырылды.

1932 жылы 18 қаңтарда оның шаруашылығы тәркіленіп, өзі отбасымен Александровка ауылындағы арнайы лагерге жер аударылды. Кеңестік Одағы Қылмыстық кодексінің аты шулы 58-бабының 10-тармағы (контрреволюциялық үгіт) бойынша өлім жазасына кесілді. Тек 1989 жылы 20 наурызда Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы Нүрпейіс Байжүжинді толық ақтады.

**КҮЛЖЕБАЙ БАЙШЫҒҰЛОВ – БҰРЫНҒЫ
ВОЛОСТНОЙ, ҚУҒЫНДАЛҒАН, ЛАГЕРДЕН
ҚАШҚАН, АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН**

Күлжөбай Байшығұлов та Булаев ауданының №8 ауылында дүниеге келген, бес балалы отбасы болған. 1917 жылғы құжаттарда оның 25 жылқысы, 20 сиыры, 4 өгізі, 30 қойы бар екені жазылған. Бір маусымдық жұмысшы ұстаған. Бұл дәулеттілік деңгейі, өрне, оны кеңес өкіметінің көзіне іліктірді. 1920 жылы волостной қызметін атқарған. Құжаттарда оның барлық саяси науқандарға қарсы болғаны, билікке бағынбағаны, бақылау тапсырмаларын орындамағаны үшін сотталғаны жазылған.

Ол да «бай, халық жауы, кеңес өкіметіне қарсы элемент» ретінде сипатталды. Күлжөбай Байшығұлов 1931 жылы 27 шілдеде шаруашылығынан айырылып, жер аударылды. Ол Алматыдағы лагерден қашып шыққанымен, қайта ұсталып, 1937 жылы 9 тамызда НКВД тарапынан тұтқындалды. Кеңестік заңның атақты 58-баптың 10 және 11-тармақтары бойынша өлім жазасына кесілді. 1989 жылы 31 наурызда Солтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы оны да толық ақтады.

**МҰСА БЕЙСЕН ҚАЖЫҰЛЫ –
ІСКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСҚАН,
МӘСКЕУМЕН БАЙЛАНЫС
ОРНАТҚАН БАЙ**

1867 жылы дүниеге келген Мұса Бейсен қажыұлы Булаев ауданының №8 ауылында өмір сүрген. Үш адамнан тұратын шағын отбасының асыраушысы болған. 1918 жылғы мәліметтер бойынша, оның иелігінде 100 жылқы, 50 сиыр, 10 өгіз және 5 десятина егістік болған. 1923–1925 жылдарда да шаруашылығы мықты деңгейде қалды – 100 жылқы, 40 сиыр, 10 өгіз, 15 бас жас мал, 30 қой және 3 десятина егіс. Ол тұрақты түрде екі маусымдық жұмысшы жалдап отырған.

Кеңестік құжаттарда Бейсенов туралы «қоғамдық іс-шараларға қарсы белсенділік танытқан», «саудамен айналысқан», «коллективизацияға қарсы күрескен» деген сипаттамалар кездеседі. Ол кеңес билігіне наразы болғанын жасырмай, өз шаруашылығын бөлу, малын уақытша пайдалануға беру арқылы тәркілеуден аман сақтап қалуға тырысқан. Тіпті Мәскеумен сауда байланысын орнатуы оның іскерлігін, ұлттық буржуазия өкілі болғанын көрсетеді.

1929 жылы дауыс беру құқығынан айырылып, 1931 жылы 27 шілдеде шаруашылығы тәркіленіп, Александровка ауылындағы арнайы лагерге жер аударылды. Кеңестік Қылмыстық кодекстің атақты 58-бабы бойынша айыпталып, кейін толық ақталған (16.07.1999 ж., СҚО прокуратурасы).

**ШОҚАН УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ ҚІЗМЕТКЕРІ, ЖАС ҒАЛЫМ.
(Жалғасы бар).**

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ



ҮШ САЛМАҚТА ЧЕМПИОН АТАНДЫ

7 маусым күні Аққайың ауданы Смирново ауылында «Қозғалыс - бұл өмір» атты ұранмен Темірхан Кушеновты еске алуға арналған 2012-2013 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында қазақ күресінен 5 салмақ (27, 29, 32, 35, 38 кг) дәрежесінде облыстық турнир ұйымдастырылды.

Осы турнирге Мағжан Жұмабаев ауданының жас балуандары да қатысып, өз шеберліктерін дәлелдеді. Мәселен, мағжандық балуандар 3 салмақта чемпион атанып, 2 салмақта қола жүлде ұтып алды.

Нақтылап кетсек: 27 кг салмақта - Төңірберген Абухарис, 35 кг салмақта Ренат Әтемұрат және 38 кг салмақта Әміржан Әлішер алтыннан алқа тағына, 29 кг салмақта - Тор-тай Мағжан және Ертарғын Бахтияр қола

медальдар иеленді.

Мағжандық жас спортшыларды жүлделерімен құттықтап, алдағы уақытта тек жеңіс пен сәттілік тілейміз.

Осылайша, Темірхан Кушеновты еске алуға арналған жарыста балуандарымыз өз шеберліктерін, ерік-жігерлерін көрсетіп, мектебіміздің абыройын асқақтатты! Бұл - тек спорттық жеңіс емес, бұл - еңбектің, тәртіптің және рухтың жеңісі!

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ



СУҒА ТҮСУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТА!

Жаз мезгілінде өзен, көлдердің жағасында уақыт өткізген жақсы. Жағажайда демалып қана қоймай, денсаулықты да нығайтуға болады. Суға шомылу, күннің кезіне қыздырыну адамды сергек етеді және жұмысқа қабілетін арттырады. Алайда ауданымызда су айдындарының барлығына суға түсуге рұқсат етілмеген, суға түсуге жарамды болып бекітілмеген. Жаздың ыстық күндері денені салқындату үшін суға шомылатынымыз барлығымызға мәлім. Суға шомылу кезінде қарапайым ережелерді сақтамаққа, қайғылы жағдайларға тап болуымыз мүмкін. Суға түсу кезінде көбінесе балалар, ішімдік ішкен адамдар ғана емес, денсаулығы мықты, жақсы жүзу білетін адамдар да қайғылы жағдайға тап болуы мүмкін. Ал мұндай жағдайда дер кезінде, тез және дұрыс шешім қабылдай білу керек.

Сондықтан суға шомылу кезінде қарапайым ережелерді сақтай біліңіз:

- Суға шомылатын арнайы орынды дұрыс таңдай біліңіз.
- Суға түсуге болмайтын белгіден аспаңыз, тыйым салынған жерлерге шомылмаңыз және суда жүрген моторлы кемелерге жақын жүзбеңіз. Бұл сіздің өміріңізге өте қауіпті.

- Ата-аналар балаларға қамқорлық жасап, суға шомылу кезінде балаларды қараусыз қалдырмау керек!

- Ішімдік ішкен жағдайда суға түсуге болмайды! Тыйым салынады!

- Жүрек ауруымен ауыратын адамдарға суға түсуге тыйым салынады, өйткені суға түсу кезінде қосымша қорқыныштар пайда болады;

- Үлкендердің қарауынсыз балаларды суға шомылуға жол бермеу;
- Салқын суда ұзақ болмау, суда ұзақ болу денені салқындатады.

Судағы төтенше жағдайдан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережесі мен қауіпсіздік шарасын қатаң сақтау болып табылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ВОЛЕЙБОЛ

2025 жылдың 1-4 маусымы аралығында 2012-2014 жылы туған қыздар арасында волейболдан облыс чемпионаты өткізілді. Аталмыш жарысқа БЖСМ жаттықтырушы-оқытушысы Валерий Кондратов баптайтын Возвышенка орта мектебінің оқушылары қатысты.

ЖҮЛДЕЛІ ҮШІНШІ ОРЫН АЛДЫ



Команда құрамында апалы-сіңлілі Калашян Любовь және Мариям, Ульянов Маргарита, Макашова Дильназ, Харитонова Валерия, Дейнеко Марина, Костюченко Валерия, Аман Арина, Жаңбырбай Амина, Айтжанова Меруерт сынды спортшылар өнер көрсетті.

Облыс чемпионатында барлығы 7 команда бақ сынап, командалардың барлығы бір-бірімен кездесіп, ойын ойлап шықты.

Жарыс нәтижесінде мағжандық команда

Қызылжар-2, Барс-2, Барс-1, Барс-3 командаларымен төрт ойын өткізіп, жеңіске жетті. Тек Қызылжар-1 және Ақжар ауданының командаларынан жеңіліс тауып, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды.

Жаттықтырушы-оқытушы мен тәрбиеленушілерін жүлделі орындарымен құттықтап, болашақта тек жеңіс тілейміз.

Ермек ИСАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢДАРЫ.
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Балалардың ойын алаңдары мен аттракциондарындағы балалар жарақаты оптимизм тудырмайды. Бір жерде бұл ересектердің назарынан тыс қалуына байланысты, бірақ кейбір жағдайларда құлап мен жарақат құрылымдардың техникалық ақауларына байланысты болады, бұл, әрине, мүлдем қолайсыз.

Балалар ойын алаңдары көп қабатты үйдің әр ауласында, мектептерде, балабақшаларда, емханаларда, саябақтарда, балалар сауықтыру лагерлерінде бар.

Соңғы жылдары баспасөзде балалар ойын алаңдарында, аттракциондарда жазатайым оқиғалар туралы хабарламалар пайда болды. Ауруханаларға балалар ойын алаңдарында, аттракциондарда, өткеншектерде және батуттарда алған жарақаттары бар балалар келеді. Жазғы маусым әлі алда.

Балалардың ойын алаңдарындағы, ашық көздерден алынған аттракциондардағы жазатайым оқиғалардың статистикасы 3% - жобалау қателіктерінің нәтижесі, 10 - 15% - өндіріс, орнату қателіктерінің нәтижесі, қалғаны - пайдаланушылардың қателіктерінің немесе келушілердің қауіпті, абайсыз мінез-құлқының нәтижесі екенін көрсетеді.

Қолданыстағы балалар ойын алаңдары, көбінесе, олар физикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге ескіргендігімен сипатталады. Соңғы уақытта ойын алаңдарында айтарлықтай жаңартуларды көруге болады.

Ойын алаңының немесе аттракционның қауіпсіздігі көптеген факторларға байланысты: сапасыз жасалған жабдық, дұрыс орнатылмаған, соққыны сіңіретін жабынның қалыңдығы мен сапасы қажет пе, дұрыс жұмыс істемеу, техникалық қызмет көрсету мен техникалық қызмет көрсетудің болмауы.

Ойын жабдықтарының қауіпсіздігіне қандай талаптар қойылады?

Балаларға арналған ойын жабдықтары балалардың денсаулығы үшін берік және қауіпсіз материалдардан жасалуы керек. Жабдық балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олар дұрыс орнатылып, ойын аймағында бала күтпейтін жөне жарақат алуы мүмкін кедергілер болмауы керек.

Балалардың қолу аймағында соққыны сіңіретін жабын орнатылуы керек. Балаларға арналған ойын жабдықтарын монтаждауды дайындаушы кәсіпорны немесе осы үшін қажетті біліктілігі бар басқа да заңды және жеке тұлғалар жүргізуі тиіс.



Жабдықты пайдалануға берер алдында жабдықты тексеру және тексеру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жабдықты пайдалану басталғанға дейін жабдықты жеткізуші және пайдаланушы ұйым (немесе Тапсырыс беруші) бірлесіп жүргізуі тиіс.

2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасының аумағында «Балалар ойын алаңдары үшін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО ТР 042/2017) техникалық регламенті қолданылады. Бұл регламент балалар ойын алаңдары үшін жабдықтың және (немесе) жабынның қауіпсіздігіне және олармен байланысты жобалау, өндіру, монтаждау, пайдалану, сақтау, тасымалдау және кедергі жарту процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы регламентке сәйкес келесі өнімдер талаптарға сәйкестілігі міндетті түрде растауға жатады: слайд, өткеншек, тербелмелі, карусель, аспалы жол, балалар қалашығы (ойын кешені), құмсалғыш, ойын үйі, лабиринт, ойын алаңына арналған соққы сіңіретін жабындар.

Оқиғалардың себебі және балалар жарақаттарының көпшілігі жабдықтың сапасыз жасалуы немесе дұрыс орнатылмауы және жұмыс істемеуі болып табылады. Егер дұрыс пайдаланбау алынатын тасталмаса, оны өндіру, орнату және пайдалану сатысында бақылауға алу қажет. Бірақ арнайы әзірленген техникалық регламенттер, МЕМСТ, ҚР СТ бар, олар аттракциондар мен балалар ойын алаңдарының қауіпсіздігіне, олармен байланысты жобалау, дайындау, монтаждау (құрастыру, орнату), баптау, адамның өмірін және (немесе) денсаулығын қорғау, тұтынушыларды енгізетін әрекеттердің алдын алу мақсатында пайдалану процестеріне қойылатын ең аз қажетті талаптарды белгілейді.

Бүгінгі күні қолөнер және жартылай қолөнер өндірушілері негізгі қауіп төндіруі мүмкін, олар көбінесе жеке қала немесе аймақ деңгейінде жұмыс істейді және заманауи өндірістік жабдықтарды, сапалы материалдарды пайдаланбайды, МЕМСТ, ТУ, жобалау және дайындау кезінде техникалық регламент талаптарын сақтамайды. Осыған байланысты бұл өндірушілердің өнімдері бастапқыда арзанырақ болады.

Балалардың ойын алаңдарын жайластыруды мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайда тендерлік құжаттамада «Балалар ойын алаңдары жабдықтарының» әулетті өнім берушісінің бағалау критерийімен қажетті ілесіп құжаттаманың, паспорттың, пайдалану қағидаларының, қарау, тексеру, қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтардың болуын, сондай-ақ талаптарға сәйкестікті растайтын қажетті құжаттарды (сәйкестік сертификаттарын, сәйкестік туралы декларациялар) ұсынудың міндеттілігін ескерту қажет.

Толығырақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінен алуға болады. Біздің мекен жайымыз: Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56, тел.: 8 (715) 2 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.kz, gosnadzor_sko@mail.ru.

Екатерина ПАРШИНА,
КР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



Дүйсенбі, 16 маусым	Сейсенбі, 17 маусым	Сәрсенбі, 18 маусым	Бейсенбі, 19 маусым	Жұма, 20 маусым	Сенбі, 21 маусым	Жексенбі, 22 маусым
QAZAQSTAN 06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00. 01.20 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10, 03.40 «100 SARBAZ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/С «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10, 03.40 «100 SARBAZ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ЕҢ ДӨМДІ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10, 03.40 «100 SARBAZ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.20 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10, 03.40 «100 SARBAZ». 14.20, 00.10 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.50 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 02.40 САНА. 04.40 ЕҢ ДӨМДІ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.50 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10 М/Ф «ХАЙДИ». 13.10, 04.10 «100 SARBAZ». 14.20, 00.40 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 15.10 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 16.10 ГАУҒАРТАС. 17.20 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.25 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 БЕУ. 23.15 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 03.10 САНА. 05.10 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.45, 04.35 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆՏՈԼՐԱՆ». 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 03.35 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.10, 04.00 ЕҢ ДӨМДІ. 17.00, 01.10 АҚПАРАТ. 17.20, 01.35 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 «ШЕШЕ», Х/Ф. 02.15 Д/Ф. 03.00 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.25 М/Ф. 07.15 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.05, 03.50 КОНЦЕРТ. 09.00, 03.30 АҚСАУЫТ. 09.20, 04.35 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 03.05 «ДРОНДАР ДӨҮРІ». 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 17.20 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 02.00 АПТА. 20.45, 02.45 МУДДЕ. 20.50, 02.50 АҚОРДА. 21.00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖҮП». 21.20 Т/Х «ЛӘЙЛА». 22.15 «ШЕШЕ», Х/Ф. 00.45 ЗАМАНДАСТАР. 05.05 КҮМІС КОМЕЙ.

Дүйсенбі, 16 маусым	Сейсенбі, 17 маусым	Сәрсенбі, 18 маусым	Бейсенбі, 19 маусым	Жұма, 20 маусым	Сенбі, 21 маусым	Жексенбі, 22 маусым
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҚ. 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАБАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «У КАЖДОГО СВОЯ ДОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 22.30 КЕШРЕС. 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ҚОЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАБАТЫ». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧ- НЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДӘМ. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ УЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ҚОЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ УЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТҮ. 11.50 ДӘСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӨЖЕ». 13.30 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ УЯ САЛҒАНДА». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 00.00 Т/Х «СОЛНЕЧНЫЙ НОВАРЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 АЛАШҚЫ. 22.30 ОЙНАҚ. 01.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ПРЕДСТАВЬ СЕБЕ», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КОМПАНИСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «БАЙДЫҢ ҚЫЗЫН АЛАМЫН», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 КЕІП ЖАРЫҚ! 21.00 «СЕКРЕТНАЯ ШТАБ-КВАРТИРА», Х/Ф. 23.00 «МИЛЛИОНФА КЕЛІСТІК», Х/Ф. 00.30 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Д/Ф. 09.30 М/Ф. 10.30 М/Ф «КАРЛИК НОС». 12.00 «СЕКРЕТНАЯ ШТАБ-КВАРТИРА», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕІП-ЖАРЫҚ. 16.10 «МИЛЛИОНФА КЕЛІСТІК», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ПРЕДСТАВЬ СЕБЕ», Д/Ф. 23.00 «БАЙДЫҢ ҚЫЗЫН АЛАМЫН», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.
---	---	---	--	---	--	---

Дүйсенбі, 16 маусым	Сейсенбі, 17 маусым	Сәрсенбі, 18 маусым	Бейсенбі, 19 маусым	Жұма, 20 маусым	Сенбі, 21 маусым	Жексенбі, 22 маусым
------------------------	------------------------	------------------------	------------------------	--------------------	---------------------	------------------------

ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.30 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 Т/С «СВОДНАЯ». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.30 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.30 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.50 ТОЙ БАЗАР. 07.15, 02.30 П@УТИНА. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДИЕТА №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА-2». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.50 П@УТИНА. 07.15 ТОЙ БАЗАР. 08.10, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 10.55 Т/С «ДЕЛО №0». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ОТПУСК ПО РАНЕНИЮ», Х/Ф.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.30 ТОЙ БАЗАР. 08.00 «П@УТИНА». 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.35 «НАША ВОЙНЫ». «НАЧАЛО ВОЙНЫ». 10.25 Т/С «ТРИ ДНЯ ЛЕЙТЕНАНТА КРАВЦОВА». 14.25 «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ», Х/Ф. 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 03.10 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.10 «НАША ВОЙНА». «БИТВА ЗА МОСКВУ». 10.00 «100 ДНЕЙ СВОБОДЫ», Х/Ф. 14.25 Т/С «ДИВЕРСАНТ. КОНЕЦ ВОЙНЫ». 18.00 «МАЛЫШКИ- ДЕВОЧКИ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «МАМКИНА ЗВЕЗДОЧКА». 00.55 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?
---	--	--	--	---	---	--

Қыз ақылды ескермес - ана үлгісін
көрмес,
Ұл жарлықпа ас бермес - әке үлгісін
көрмес.
Адам өмірі - қамшының сабындай ғана
қысқа екен, досы көп, ұрпақ тәрбиелеген
ұтады екен.

Абай ҚҰНАНБАЕВ.




БАСПАСӨЗ - 2025

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!****Сіздерге
2025 жылдың
екінші
жартыжылдығына
жазылу науқаны
аяқталып жатқанын
хабарлаймыз.****Газетке аудандық
пошта және газет
редакциясында
жазылуға болатынын
еске саламыз.****Газетке жарты
жылға жазылу
бағасы -
990 тенге.****Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80.
редакция - 2-21-35.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЕСКЕРТЕДІ!****eGov mobile** мобильді қосымшасы арқылы "банктік
несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас
тарту" қызметін қосып, өзіңізді алаяқтардан сақтаңыз**Сізге қатысты
алаяқтық жасалған
жағдайда дереу
102 нөміріне
хабарласыңыз****КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН
АЗАМАТТАРҒА ҚАМҚОРШЫЛАР
ТУРАЛЫ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТ
EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА
ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ****eGov Mobile** мобильді қосымшасында кәмілет жасына толған азаматтарға қамқоршылық жасайтын тұлғалар туралы мәліметтері бар цифрлық құжат қолжетімді болды. Бұл құжат «Е-Собес» ақпараттық жүйесіндегі деректер негізінде жасалады, онда тіркелген барлық қамқоршылар, қорғаншылар және олардың қамқорлығындағы азаматтар туралы мәліметтер сақталады.

Құжатта келесі деректер қамтылған: қамқоршының ЖСН мен ТАӘ, туған күні, сондай-ақ қамқорлығындағы азаматтың ЖСН мен ТАӘ, туған күні, қамқоршыны тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, сонымен қатар «Жарамды күні» туралы ақпарат бар. Құжаттың түпнұсқалығын растау үшін QR-код қарастырылған: оны сканерлеген кезде бір тәулік бойы жарамды цифрлық нұсқасы ашылады.

Құжат «Цифрлық құжаттар» бөлімінде «Құжаттарды жаңарту» батырмасын басқаннан кейін, заңды өкіл мәртебесі расталған қолданушыларда автоматты түрде пайда болады.

Қамқоршы мәртебесін ресми түрде растау қажет болатын жағдайларда – мемлекеттік төлемдерді алу, банкке, медициналық мекемелерге және басқа ұйымдарға жүгіну кезінде – бұйрықтың электрондық нұсқасы қажет болуы мүмкін.

Керсетілетін қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile мобильді қосымшасына кіріп, авторизациядан өтіп, «Цифрлық




құжаттар» бөліміне өту;

- «Отбасы» санатынан қамқоршылық немесе қорғаншылық туралы мәліметтермен танысу;

- егер құжат көрсетілмесе – «Құжаттарды жаңарту» батырмасын басу қажет.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ынтымақтастығымен жүзеге асырылды.

**СІЗДІҢ ҮЙ ЖАНУАРЫҢЫЗҒА
АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ
ПАСПОРТ – ЕНДІ EGOV MOBILE
ҚОСЫМШАСЫНДА****Енді үй жануарларының цифрлық паспорттары eGov Mobile қосымшасында қолжетімді! Мысық, ит және басқа да үй жануарларының иелері олардың мәліметтерін eGov Mobile мобильді қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөлімінен қарай алады.**

Барлық мәліметтер TABAN – үй жануарларын есепке алу Бірыңғай деректер базасынан жүктеледі. Бұл жүйеде тіркелген барлық жануарлар және оларға қатысты маңызды оқиғалар жазылып отырады.

Цифрлық паспортта мына мәліметтер қамтылады: жануардың жеке нөмірі, құжат нөмірі, аты, түсі, тұқымы, туған күні, ерекше белгілері, жануардың түрі мен жынысы, тіркелген мекенжайы, нақты тұратын мекенжайы, иесінің толық аты-жөні мен ЖСН, сондай-ақ чиптеу, стерилизация және вакцинация туралы ақпарат – даталары мен мәртебелері көрсетілген.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile қосымшасына авторизациядан өтіп;

- «Цифрлық құжаттар» сервисіне кіру қажет;

- «Басқа құжаттар» бөлімінде Жануар паспорттымен танысу керек;

- егер құжат көрінбесе, «Құжаттарды жаңарту» батырмасын басу қажет.

Цифрлық төлқұжат ветеринарлық клиникаға барғанда, саяхатқа шығарда,

кормелерге қатысқанда немесе жануар жоғалған жағдайда оның деректерін жедел ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл қызмет үй жануарларын жүйелі түрде есепке алуға, қаңғыбас жануарлар санын азайтуға және иелерінің жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді.

2025 жылғы наурыз айындағы жағдай бойынша жүйеде 224 мыңнан астам үй жануары тіркелген, оның ішінде 20 мыңнан астамы – үйсіз жануарлар.

Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қоршаған экология және табиғи ресурстар министрлігінің тапсырысы бойынша «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ бірлесіп жүзеге асырды.

**Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар»
АҚ Корпоративтік коммуникациялар
департаменті.**Директор - бас редактор
Нела ГОПЧАРГазеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШСРедакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Будав көпесті, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан нұсқа: 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kzГазет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады«Magjan Jyldyz» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Сенерный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петров Вал, Коммуна к-сі, 5 үй).
Тарауымы - 570Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
тығарылады және егеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізуді ресми баспадан болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады